

## **ЖШС «MDU BAQYTTY BALA»**



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспары және  
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы негізінде  
2025-2026 оқу жылына арналған  
«Балдырған» мектепалды тобының  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің  
ЦИКЛОГРАММАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2025 жыл 1 апта

Мектепке дейінгі ұйым: «MDU Baqytty bala» балабақшасы

Топ: «Балдырған» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

| Күн тәртібі                                                                                    | Дүйсенбі<br>01.09.2025ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Сейсенбі<br>02.09.2025 ж                          | Сәрсенбі<br>03.09.2025ж                                                                                | Бейсенбі<br>04.09.2025ж                                                                 | Жұма<br>05.09.2025ж                                                                          |
|------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балаларды қабылдау                                                                             | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br><b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b><br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <b>Күй күмбірі</b> |                                                   |                                                                                                        |                                                                                         |                                                                                              |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру                    | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br><b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b><br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.                                                                                                                                            |                                                   |                                                                                                        |                                                                                         |                                                                                              |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | «Ұшады, жүзеді, жүреді» үстел үсті ойыны: Міндеті | «Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - | Табиғат бұрышындағы еңбек.<br>Міндеті :Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді | Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелерімен таныстыру, Жедел қызметтің телефон |

|                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                         |                                                                                                                        |
|-----------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Тәрбиеші көліктің түрлерін суреттерін көрсетеді, ал балалар қимыл-қозғалыспен оны көрсетіп – ол ұшама, жүреме, жүзе ме айтады.<br><b>Коммуникативтік дағдылар</b> | қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту<br><b>Бір тұтас тәрбие</b> | суарып, қопсытуға көмектеседі<br><b>Әлеуметтік дағдылар,экологиялық тәрбие</b>                                                          | нөмірлері, терезе алдына шықпауға үйрету<br><b>қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі</b>     |
| Ертеңгілік жаттығу                      | <p>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br/>         Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br/>         Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br/> <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> |                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                         |                                                                                                                        |
| Таңғы ас                                | <p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>                                  |                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                         |                                                                                                                        |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке<br>Дайындық |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | <b>Қаржылық сауаттылық Ойын атауы:</b> «Дүкен»<br><b>Мақсаты:</b> Ақша туралы қарапайым түсінік                                                                   | <b>Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ойын атауы:</b> «Шындық пен өтірік»<br><b>Мақсаты:</b> Балаларды адалдыққа тәрбиелеу,                                                                                      | <b>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» Ойын атауы:</b> «Асық ойыны» (жеңілдетілген нұсқа)<br><b>Мақсаты:</b> Ұлттық мұраға қызығушылық тудыру, | <b>Адалдық әліппесі Ойын атауы:</b> «Жоғалған ойыншық»<br><b>Мақсаты:</b> Балаларды адалдыққа баулу, бір-бірінің затын |

|                    |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|--------------------|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                    |  | <p>қалыптастыру, санауды үйрету.<br/> <b>Құралдар:</b> Жемі с-жидек макеттері, ойыншық ақша, дорба.<br/> <b>Ойын барысы:</b> Бір бала – сатушы, қалғандары – сатып алушылар. Балалар ақшаларын санап, «тауарды» сатып алады. Тәрбиеші «артық ақша қалды ма, әділ төледің бе?» деп бағыт береді</p> | <p>шындықты айтуға үйрету.<br/> <b>Құралдар:</b> Суреттер (мысық, ит, бала, ойыншықтар).<br/> <b>Ойын барысы:</b> Тәрбиеші суретті көрсетіп, қасақана қате айтады («мынау ит емес, мысық»). Балалар қатесін тауып, дұрыс жауап береді. «Адал бала әрқашан шындықты айтады» деп бекітеді.</p> | <p>дәлдікке, ептілікке үйрету.<br/> <b>Құралдар:</b> Асықтар, сақа.<br/> <b>Ойын барысы:</b> Балалар кезекпен асық атады. Қайсысы асықты дәл түсірсе – сол жеңімпаз. Тәрбиеші «ұлттық ойын – халқымыздың қазынасы» екенін түсіндіреді.</p>                                                                                               | <p>рұқсатсыз алмауға үйрету.<br/> <b>Құралдар:</b> Қуыршақ немесе ойыншық.<br/> <b>Ойын барысы:</b> Тәрбиеші ойыншықты ортаға қойып: «Бұл ойыншықтың иесі жоқ сияқты. Не істейміз?» – деп сұрайды. Балалар: «Иесіне қайтарамыз», «Тәрбиешіге апарамыз» деп шешім айтады. Соңында тәрбиеші: «Адал бала – әрқашан жоғалғанды иесіне қайтарады» деп бекітеді.</p> |
| Кестеге сәйкес ҰІӨ |  | <p><b>Көркем әдебиет</b><br/> <b>М.Төрежанов «Кішкентай бағбан»</b><br/> Ис-әрекет барысы:<br/> <b>Ұйымдастыру сәті</b> – балаларды дөңгелете отырғызып, табиғат туралы жұмбақ жасыру.<br/> <b>Кіріспе әңгіме</b> – «Бақшада не өседі? Адамдар</p>                                                 | <p><b>Математика негіздері</b><br/> Жиын ұғымы<br/> <b>Кіріспе:</b> Балаларға үстел үстінде әртүрлі ойыншықтар (қуыршақ, көлік, кубик) қою. «Мына заттардың бәрін қалай атаймыз?» деген сұрақ қою.<br/> <b>Мақсат:</b> Жиын ұғымын қарапайым түрде түсіндіру.</p>                            | <p><b>Қазақ тілі</b><br/> Ауызекі Тіл дамыту.<br/> Қарым-қатынас құралы<br/> <b>Мақсат:</b> Балаларды өз ойын еркін жеткізуге үйрету. Сұраққа қысқа, нақты жауап беруге ынталандыру.<br/> <b>Тапсырмалар:</b> «Сәлемдесу шеңбері» ойыны – әр бала көршісіне жылы сөз айтады. «Кім не істеп жатыр?» – сурет бойынша сөйлем құрастыру.</p> | <p><b>Математика негіздері</b><br/> Жиын және оның элементтері<br/> <b>Кіріспе:</b> Балаларға түрлі түсті ойыншықтар, пішіндер, суреттер көрсету. «Бұлар не?» деп сұрау.<br/> <b>Негізгі бөлім:</b> Жиын әртүрлі элементтерден құралады (түсі, пішіні, өлшемі бойынша). Әр балаға суреттер немесе кубиктер беріп,</p>                                          |

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|--|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  | <p>не істейді?» деген сұрақтар арқылы ой қозғау.</p> <p><b>Әңгіме тыңдату</b> – тәрбиеші мәнерлеп «Кішкентай бағбан» әңгімесін оқып береді.</p> <p><b>Сұрақ-жауап</b> – кейіпкерлерді атау, оқиғаның немен аяқталғанын талқылау.</p> <p><b>Суретпен жұмыс</b> – сурет бойынша әңгімелеу: «Бұл бала не істеп жатыр? Ол кімге көмектесті?»</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны</b> – «Бағбаншылар» (балалар гүл егіп, су құйып жатқандай қимыл жасайды).</p> <p><b>Қорытынды</b> – еңбектің маңызы туралы әңгімелеу,</p> | <p>Заттарды түстері, пішіндері, өлшемдері бойынша біріктіру.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдер:</b> Әңгіме, көрсету, сұрақ-жауап, ойын.</p> <p><b>Ойын-жаттығулар:</b></p> <p>«Түстер әлемі» – балалар қызыл, жасыл, көк ойыншықтарды бөлек қораптарға салады.</p> <p>«Кім тез?» – пішіндерден дөңгелек пен төртбұрышты тез табу.</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Сызықтар мен штрихтар салу</p> <p><b>Мақсат:</b></p> <p>Түзу және қисық сызықтар жүргізуді үйрену.</p> <p>Ұсақ қол қимылдарын дамыту.</p> <p><b>Әдіс:</b> Дәптермен жұмыс, сызық сызу.</p> <p><b>Тапсырма:</b></p> <p>Дәптерде жоғарыдан төмен түзу сызық сызу.</p> <p>«Жаңбыр жауды» ойыны – нүктелерді сызықпен қосу.</p> | <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>М.Төрежанов «Кішкентай бағбан»</b></p> <p>Іс-әрекет барысы:</p> <p><b>Ұйымдастыру сәті</b> – табиғат туралы қысқа өлең немесе тақпақ айту.</p> <p><b>Әңгімені еске түсіру</b> – суреттерді ретімен қойып, балалардан мазмұнын айтқызу.</p> <p><b>Әңгімелету</b> – бір-екі балаға әңгіме желісін баяндатып, тенеулер қолдануға жетелеу (мысалы: «гүл күндей жайнады», «су мөлдір моншақтай тамшылады»).</p> <p><b>Шығармашылық жұмыс:</b></p> <p>Балалар бақша, гүл немесе ағаштың суретін салады.</p> <p>Салған суреті бойынша қысқа әңгіме құрайды («Менің бағбан атам бар. Ол...»)</p> <p><b>Дидактикалық ойын</b> – «Қайда өседі?» (балаларға әртүрлі сурет көрсетіледі: гүл, ағаш, көкөніс – қай жерде өсетінін табады).</p> <p><b>Қорытындылау</b> – еңбектің қуанышы мен пайдасын атап өту.</p> | <p>белгісі бойынша топтастыру.</p> <p><b>Ойын-жаттығулар:</b></p> <p>«Түстер жиыны» – балалар қызыл заттарды бөлек, көкті бөлек жинайды.</p> <p>«Қимыл жиыны» – секіретіндер бір бөлік, қол шапалақтайтындар – екінші бөлік.</p> <p><b>Қорытынды:</b> Жиын – көп заттан тұрады, оларды біріктіруге болады.</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту</p> <p><b>Мақсат:</b></p> <p>Дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру.</p> <p>Сөздегі дыбыстардың орнын (басында, ортасында, соңында) табуға үйрету.</p> <p><b>Тапсырмалар:</b></p> <p>«Дыбысты тап» ойыны – тәрбиеші сөз айтады, балалар дыбыстың орнын анықтайды.</p> <p>Жаңылтпаш айту («Балпаң-балпаң басып жүр, балапаным, басып жүр»).</p> |
|--|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  | <p>балаларға:<br/>«Сендер үйде ата-аналарыңа қалай көмектесесіңдер?» деген сұрақ қою.</p> <p><b>Сауат ашу</b><br/>Сөз және дыбыс ұғымы<br/><b>Кіріспе:</b> Балаларға әртүрлі сөздер айту (ана, ойыншық, алма). «Сөз неден тұрады?» деп сұрау.<br/><b>Мақсат:</b> Сөздің дыбыстардан құралатынын түсіндіру. Дыбысты естіп, ажыратуға үйрету.<br/><b>Әдіс:</b> Тыңдау, сұрақ-жауап, ойын.<br/><b>Тапсырма:</b> «Дыбысты тыңда» ойыны – тәрбиеші дыбыс айтады, балалар сөз ойлайды.</p> | <p><b>Дене тәрбиесі</b><br/>Саусақ және қол бұлшықеттерін дамыту<br/><b>Жаттығулар:</b> Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру. Қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру.<br/><b>Негізгі қимыл:</b> тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап өту.<br/><b>Музыкалық қимыл:</b> «Биші қимылдары» – әуенмен ырғақты қимылдар.<br/><b>Ойын:</b> «Кім шапшаң?» – белгі бойынша қозғалысты өзгерту.</p> <p><b>Тіл дамыту</b><br/>Дауысты дыбыстарды дұрыс айту<br/><b>Мақсат:</b> Ана тіліндегі дауысты дыбыстарды (а, о, ұ, ү, е, ы, і, ә, і) дұрыс айтуға үйрету. Дыбысты анық айтуға дағдыландыру.</p> | <p>Балаларды табиғатты қорғауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Математика негіздері</b><br/>Жиынды бөлу<br/><b>Кіріспе:</b> Бір қорап қарындашты көрсету. «Бұл жиын ба?» деп сұрау. «Оны қалай бөлуге болады?» деген ой тастау.<br/><b>Мақсат:</b> Жиынды бөліктерге бөлуді үйрету. Бүтін мен бөліктің арасындағы байланысты түсіндіру.<br/><b>Әдіс-тәсілдер:</b> Тәжірибелік жұмыс, ойын, топпен орындау.<br/><b>Ойын-жаттығулар:</b> «Бөл де сал» – қарындашты қызыл, жасыл бөлікке бөлу. «Жемістерді бөліп ал» – суреттегі жемістерді бөлу: алма бөлігі, алмұрт бөлігі.</p> <p><b>Музыка</b><br/><br/>Музыка тыңдау және ән айту</p> | <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/>Мен кіммін? Менің отбасым<br/><b>Мақсат:</b> Баланың өзін тұлға ретінде тануына көмектесу. Отбасы мүшелерін атау, олардың рөлін түсіну.<br/><b>Әдістер:</b> Сұрақ-жауап, әңгіме, сурет көрсету.<br/><b>Тапсырмалар:</b> «Отбасым суретте» – отбасының суретін салып, таныстыру. «Кім не істейді?» ойыны – әр отбасы мүшесінің міндетін айту.</p> <p><b>Музыка</b><br/><br/>Музыкалық-ырғақтық қимылдар<br/><b>Мақсат:</b> Музыка сипатына қарай қимылды өзгерту. Дене қимылдарын ырғақпен үйлестіру.<br/><b>Тапсырмалар:</b></p> |
|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                            |
|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  | <p><b>Дене тәрбиесі</b><br/>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар<br/><b>Мақсат:</b> Қолдың бастапқы қалыптарын орындау, иық бұлшықеттерін шынықтыру.<br/><b>Жаттығулар:</b> Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу. Қолды жоғары көтеру және жанға созу. Қолды желкеге қою.<br/><b>Негізгі қимыл:</b> сапта жүру, аяқтың ұшымен жүру.<br/><b>Ойын:</b> «Қарлығаштар ұшып жүр» (қолды жанға жайып ұшу).</p> | <p><b>Әдіс-тәсілдер:</b> Артикуляциялық жаттығулар, өлең жолдарын айту, жаңылтпаш.<br/><b>Тапсырмалар:</b> «Дауыстап айт» ойыны – суреттегі затты атап, дауысты дыбысты бөліп айту. Жаңылтпаш жаттау («Ата, ата, балта әкел»).</p> <p><b>Мүсіндеу</b><br/><b>Жапсыру</b><br/><b>Сурет салу</b><br/><b>Құрастыру</b> «Күзгі бақшада»<br/><b>Сурет салу:</b> Балалар бояумен ағашқа ілінген алмаларды салады (қылқаламды көлденең, тігінен ұстау).<br/><b>Мүсіндеу:</b> Ермексазда н сәбіз, қияр сияқты көкөністерді пішіндеу.<br/><b>Жапсыру:</b> Қайшымен қиып алынған жапырақтарды суреттің айналасына жапсыру.<br/><b>Құрастыру:</b> Конструктордан бақшаның шарбағын құрастыру.</p> | <p><b>Мақсат:</b> Музыкалық шығармалардың көңіл-күйін ажырата білу. Ән айтуға қызығушылығын арттыру.<br/><b>Тапсырмалар:</b> Шағын әуен тыңдау («Көңілді марш», «Әлди әні») – көңіл-күйін анықтау. Қарапайым балалар әнін үйрену (2–3 шумақ).</p> | <p>«Марш» әуенімен саппен жүру. Жеңіл би қимылдары (қол шапалақтау, аяқпен топылдату).</p> |
|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|---------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Серуенге дайындық</b>                          | <p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b></p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>Серуен</b>                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>Серуеннен оралу</b>                            | <p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (<b>дербес қимыл әрекеті</b>).</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| <b>Балаларды қабылдау</b>                                                          | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br><b>Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b><br><b>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі</b> |                                  |                                 |                                 |                             |
| <b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b> | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br><b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b><br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.                                                                                                                                            |                                  |                                 |                                 |                             |

|                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                      |                                                                                                                                                   |                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                            |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</b></p> | <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br/>Балалар екі топқа бөлінеді.<br/>«Бір, екі, үш!» деген белгімен екі топ арқанды өзіне қарай тартады.<br/>Қай топ белгіні өз жағына шығарса – сол жеңімпаз.<br/><b>Бір тұтас тәрбие</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | <p>Дид ойын:<br/>«Дыбысынан таны»<br/>Міндеті: Есту қабілеттерін дамыту.<br/><b>Музыка</b></p>                                       | <p>Дид ойын:<br/>«Сәйкестендіріп жина» ойыны<br/>Міндеті: түстеріне қарай ажырату<br/><b>Математика негіздері</b></p>                             | <p>Дид ойын:<br/>«Пирамида жинау» ойыны<br/>Міндеті: көлемін ажырату<br/><b>Математика негіздері</b></p>                | <p>Дид ойын:<br/>«Бөліктерді құрастыр» ойыны<br/>Міндеті: қиынды суреттермен құрастыруды үйрету<br/><b>Құрастыру</b></p>                                                                                                   |
| <p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>                                                                                                                     | <p>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br/>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br/>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br/><b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> |                                                                                                                                      |                                                                                                                                                   |                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                            |
| <p><b>Таңғы ас</b></p>                                                                                                                               | <p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>               |                                                                                                                                      |                                                                                                                                                   |                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                            |
| <p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>                                                                                                   | <p>«Амандасу әдебі»<br/>Мақсаты:<br/>Құрбыларымен<br/>«Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | <p>Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. сақтау.</p> | <p>«Кім көп сөз біледі?»<br/>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дұрыс сөйлеуге үйрету<br/><br/>Балалардың еркін әрекеттері<br/><b>Тіл дамыту</b></p> | <p>«Күзгі жапырақ» тақпақ<br/>Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей</p> | <p>Тәрбиеші балаларға екі бірдей өсімдікті көрсетеді.<br/>Біреуіне күнде су құямыз; Екіншісіне су құймаймыз.<br/>Балалармен бірге бірнеше күн бойы бақылау жүргізіледі: Су құйылған өсімдік жасыл, сергек болып өседі;</p> |

|                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|---------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                           | <b>Тіл дамыту</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | «Балалар»,<br>«Трамвай<br>аялдамасы»,<br>«Автобус<br>аялдамасы»<br>жол<br>белгілерімен<br>таныстыру<br><b>Бір тұтас<br/>тәрбие</b>                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Мақсаты:<br>Балалардың тілдерін<br>дамыту арқылы,<br>сөздік қорын<br>дамыту.<br>Ойын: «Аю жүрген<br>орманда».<br>Мақсаты: Қимыл<br>қозғалысын дамыту<br><b>Көркем әдебиет, Дене<br/>тәрбиесі</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Су құйылмаған өсімдік<br>сола бастайды.<br>□ Әр күннің өзгерісін<br>сурет арқылы немесе<br>әңгімелету арқылы<br>белгілейді.<br><br><b>Экологиялық тәрбие</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| <b>Кестеге сәйкес ҰІӨ</b> | <b>Тіл дамыту</b><br>З–с, н–ң<br>дыбыстары<br><b>Мақсат:</b><br>З–с, н–ң<br>дыбыстарын<br>салыстыру.<br>Мұрын жолды<br>дыбыстарды дұрыс<br>айтуға жаттықтыру.<br><b>Тапсырмалар:</b><br>«Қайсысын<br>естідің?» ойыны.<br>Сурет бойынша сөз<br>құрастыру (зебра,<br>сағат, нан, таң).<br><br><b>Сауат ашу<br/>негіздері</b><br>Штрихтау<br><b>Мақсат:</b><br>Жіңішке сызықтар<br>арқылы суретті<br>толықтыру. | <b>Көркем<br/>әдебиет</b><br>Фольклор әлемі:<br>жаңылтпаш,<br>жұмбақ, мақал-<br>мәтелдер<br><b>Мақсат:</b><br>Балалардың<br>тілін дамыту.<br>Халық<br>даналығын<br>таныстыру.<br><b>Тапсырмалар:</b><br>Жұмбақ шешу<br>(алма, күн, ай).<br>Жаңылтпаш<br>жаттау («Қап-<br>қара қапта қап-<br>қара мысық<br>бар»)<br><br><b>Сауат ашу</b><br>Дыбысты сөз<br>ішінде табу<br><b>Мақсат:</b> | <b>Математика<br/>негіздері</b><br>«Бір» ұғымы<br><b>Кіріспе:</b> Бір<br>ойыншықты қолына<br>ұстап, «Бұл нешеу?»<br>деп сұрау. Кейін<br>бірнеше ойыншықты<br>көрсету.<br><b>Мақсат:</b><br>«Бір» ұғымын<br>түсіндіру.<br>Бір зат пен бірнеше<br>затты ажырата білу.<br><b>Ойын-жаттығулар:</b><br>«Біреуін тап» –<br>суреттен тек бір затты<br>табу.<br>«Қанша көрдің?» –<br>тәрбиеші бір затты<br>көрсетіп, кейін<br>жасырып қояды.<br>Балалар санына жауап<br>береді. | <b>Қазақ тілі</b><br>Байланыстырып<br>сөйлеу (диалог құру)<br><b>Мақсат:</b><br>Балаларды диалогке<br>қатысуға, сұрақ қоюға,<br>жауап беруге үйрету.<br>Әңгімелесушіні<br>тыңдауға баулу.<br><b>Тапсырмалар:</b><br>«Досыммен әңгіме» –<br>екі баланың шағын<br>сұхбаты.<br>«Менің сүйікті<br>ойыным»<br>тақырыбында әңгіме.<br><br><b>Көркем әдебиет</b><br>Кітаптағы суреттер<br><b>Мақсат:</b><br>Балалардың назарын<br>кітаптың<br>безендірілуіне,<br>иллюстрацияларына<br>аудару. | <b>Математика негіздері</b><br>Жиын мен бөлік.<br>Салыстыру<br><b>Кіріспе:</b> Балаларға екі<br>себеттегі алмаларды<br>көрсету. «Қай себетте<br>көп, қай себетте аз?»<br><b>Негізгі бөлім:</b><br>Жиын бөліктен үлкен,<br>бөлік жиыннан кіші.<br>Жиын бөліктерін санау.<br><b>Ойын-жаттығулар:</b><br>«Сана да салыстыр» – әр<br>бөлік элементтерін санау.<br>«Кім көп?» – қай бөлікте<br>зат көп екенін анықтау.<br><b>Қорытынды:</b> Жиын<br>үлкен, бөлік кіші; санау<br>арқылы салыстыруға<br>болады.<br><br><b>Қазақ тілі</b><br>Өз ойын сөйлеммен<br>жеткізу<br><b>Мақсат:</b> |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p><b>Тапсырма:</b> «Шөпті сал» – төменнен жоғары штрихтау.</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b><br/>Секіру жаттығулары<br/><b>Негізгі қимыл:</b> секіргіште н аттап жүру, жіптен секіру.<br/><b>Жаттығулар:</b> қолды сермеу, тепе-теңдік сақтау.<br/><b>Ойын:</b> «Қояндар секірісі» – жарыс элементімен.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/>Мектепке барамын<br/><b>Мақсат:</b> Мектепке барудың маңызын түсіндіру. Білім алудың болашақтағы пайдасын айту.<br/><b>Тапсырмалар:</b> «Мектепке дайындал» ойыны – сөмкеге қажетті құралдарды салу. Әңгіме құрастыру: «Мен мектепке барғанда...».</p> | <p>Берілген дыбысты сөз ішінде таба білу.<br/><b>Тапсырма:</b> «Сиқырлы дыбыс» ойыны.</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b><br/>Қол және иықты күшейту<br/><b>Жаттығулар:</b> қолды жан-жаққа сермеу, иықты айналдыру.<br/><b>Негізгі қимыл:</b> заттардың арасымен жүру, кегльдерді айналып өту.<br/><b>Ойын:</b> «Жылдам тап» – белгі бойынша қозғалысты өзгерту.</p> | <p><b>Сауат ашу негіздері</b><br/>Жеміс-жидектерді бояу<br/><b>Мақсат:</b> Алма, алмұрт суретін сызықтан шықпай бояу.<br/><b>Тапсырма:</b> «Алма бақшасы» суретін бояу.</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b><br/>Ырғақты қозғалыс<br/><b>Музыкалық қимыл:</b> таныс жаттығуларды әуенге қосылып орындау.<br/><b>Негізгі қимыл:</b> әртүрлі қарқында жүру, тоқтап қалу, шашырап жүру.<br/><b>Ойын:</b> «Андар мен аңшылар».</p> <p><b>Тіл дамыту</b><br/>Р–л дыбыстары<br/><b>Мақсат:</b> Р–л дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөз ішіндегі дыбыстарды ажырата білу.<br/><b>Тапсырмалар:</b> «Р–л қайда жасырынған?» ойыны. Жаңылтпаш: «Рысбай ырылдап, лақ лақылдап тұр».</p> | <p>Сурет арқылы мазмұнын түсінуге үйрету.<br/><b>Тапсырмалар:</b> «Қай ертегі?» – сурет бойынша ертегіні табу. «Суреттен әңгіме құрастыр» ойыны.</p> <p><b>Математика негіздері</b><br/>Біреу және көп<br/><b>Кіріспе:</b> Суреттен бір алма мен көп алманы көрсету. «Біреу қайсысы? Көбі қайсысы?»<br/><b>Мақсат:</b> Біреу мен көпті ажырата білу.<br/><b>Ойын-жаттығулар:</b> «Біреуін көрсет» – бір бала тақтаға шығып, бір ғана затты көрсетеді. «Көбін тап» – балалар көп заттарды қолымен көрсетеді.</p> <p><b>Музыка</b><br/>Музыка тыңдау және би шығармашылығы<br/><b>Мақсат:</b> Музыканың сипатына сәйкес би қимылдарын ойлап табуға ынталандыру. Қиялын дамыту.</p> | <p>Балаларды жайылма сөйлемдер құрастыруға үйрету. Сөздерді дұрыс байланыстыру.<br/><b>Тапсырмалар:</b> Сурет бойынша 2–3 сөйлемнен әңгіме құрастыру. «Сөйлемді жалғастыр» ойыны (тәрбиеші бастайды, бала жалғастырады).</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Болашақ арманым<br/><b>Мақсат:</b> Балалардың арманын тыңдау. Еңбек пен білімнің маңызын түсіндіру.<br/><b>Тапсырмалар:</b> «Өскенде кім боласың?» сурет салып айту. «Кім не істейді?» мамандықтар ойыны.</p> <p><b>Музыка</b><br/><br/>Ән айту және сахналау<br/><b>Мақсат:</b> Әнді таза айтуға дағдыландыру.</p> |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|



|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                               |
|--------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |  | <p><b>Мүсіндеу</b><br/> <b>Жапсыру</b><br/> <b>Сурет салу</b><br/>         Құрастыру<br/>         «Менің үйім»<br/> <b>Сурет салу:</b> Бояумен үйдің жалпы сұлбасын бейнелеу.<br/> <b>Мүсіндеу:</b> Ермексаздың үйге қоятын кішкентай зат (гүл, ыдыс) жасау.<br/> <b>Жапсыру:</b> Терезе мен есікті қағаздан қиып алып, суретке жапсыру.<br/> <b>Құрастыру:</b> Конструктордан үйдің пішінін тұрғызу.</p> | <p><b>Тапсырмалар:</b><br/>         Әуен тыңдап, әр бала өз қимылын көрсетеді.<br/>         «Қиял бий» – музыкаға сәйкес шағын би құрастыру.</p> | <p>Ән мәтінін қимылмен сахналау.<br/> <b>Тапсырмалар:</b><br/>         Балалар әнін үйрену.<br/>         Әнді қимылмен көрсету («Қуырмаш», «Достық әні»).</p> |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b><br/>         Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br/> <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p> |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                               |
| <b>Серуен</b>            | <b>Қыркүйек айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                               |
| <b>Серуеннен оралу</b>   | <p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (<b>дербес қимыл әрекеті</b>).</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                               |
| <b>Түскі ас</b>          | <p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br/>         Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар,</b></p>                                                                               |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                               |

|                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                   |                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                   |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                                               | <p><b>өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> <p>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br/>         Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br/>         Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br/>         Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br/> <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>                                                                                                                                              |                                                                                                                   |                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                                                                                                                                          | <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br/>         Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>)<br/>         Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (<b>Музыка</b>)</p>                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                   |                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>                                                                                                             | <p><b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). <b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</p>                                                                                                                                                       |                                                                                                                   |                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>Бесін ас</b>                                                                                                                                               | <p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br/> <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> |                                                                                                                   |                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b> | Достарымызбен шеңберге тұрайық, ойыншықтардан шеңбер жасайық. Шеңбер бойлап айналайық. Топта шеңберге ұқсас заттарды тауып салыстыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, тұзды қамырды пайдаланып мүсін жасау. | Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қоралады жасауды үйрету <b>Құрастыру</b> Мерекелік әсем шарлар деп суретін | Ойыншық туралы жаттаған тақпақтарды айтқызу арқылы есте сақтауын дамыту. <b>көркем әдебиет</b> Қонағымызды топтағы қуыршақтармен салыстырып көрейікші. Ол зат қандай сұрағына | Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп «артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату <b>математика негіздері</b> Қандай суретті бояймыз деп балаларға қалауы бойынша таңдаған жемісті бояту, |

|                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  |
|----------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
| <p><b>Кестеге сәйкес ҰІӨ</b></p> | <p><b>Тіл дамыту</b><br/> Тақырыбы: «Сурет бойынша әңгіме»<br/> <b>Міндеті:</b><br/> Шығармашылық сөйлеуін дамыту<br/> Оқиға бойынша мазмұнды әңгіме құрастыру<br/> <b>Әдісі:</b> бақылау, сурет әңгімелеу, рөлдік ойын<br/> <b>Тапсырмасы:</b><br/> «Ормандағы жануарлар» суретін сипаттап, әңгіме құра<br/> «Бір күні...» деп басталатын оқиға ойлап табу</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b><br/> Тақырыбы: «Мен сөйлем құрастырамын»<br/> <b>Міндеті:</b><br/> Баланың өздігінен сөйлем құрастыру дағдысын бекіту</p> | <p><b>Көркем әдебиет</b><br/> Тақырыбы: «Сахнаға дайындаламыз»<br/> <b>Міндеті:</b><br/> Көркем мәтінді есте сақтап, сахнаға бейімделу<br/> Дауыс, қимыл, мимиканы үйлестіріп қолдану<br/> <b>Әдісі:</b> жаттығу, қайталау, сахналық репетиция<br/> <b>Тапсырмасы:</b><br/> Шығарма бойынша дайындық (кейіпкерлерді бөлісу, сөзін жаттау)<br/> Дыбыс, қимыл, дауыс жаттығулары</p> | <p><b>Математика негіздері</b><br/> Тақырыбы: «Пішіндерді қоршаған ортадан табамыз»<br/> <b>Міндеті:</b><br/> Қоршаған ортадағы пішіндер мен денелерді ажырату<br/> Байқағыштық пен зерттеу дағдысын дамыту<br/> <b>Әдісі:</b> бақылау, зерттеу, ойын<br/> <b>Тапсырмасы:</b><br/> Сыныптағы заттар арасынан геометриялық пішіндерді табу<br/> «Пішін іздеушілер» ойыны<br/> <b>Сауат ашу негіздері</b></p> |  |  |
|----------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |  |  |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
|  | <p>Тақырып бойынша ойды толық жеткізуге үйрету<br/> <b>Әдісі:</b> әңгімелеу, шығармашылық тапсырма, ойын<br/> <b>Тапсырмасы:</b> Сурет бойынша сөйлемдер жазу «Сөйлем құрастыр да айт!» ойыны</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b><br/> <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> Қолды жоғары көтеру, айналдыру, еңкею, созылу (10–12 рет).<br/> <b>Негізгі қимыл:</b> Бөренеден аттап өту, теңселіп жүру, кедергіден секіру және еңкею.<br/> <b>Қимылды ойын:</b> «Кім мықты?» — төзімділік пен шапшаңдыққа</p> | <p><b>Сауат ашу</b><br/> Тақырыбы: «Сөйлем жазамыз»<br/> <b>Міндеті:</b> Көшіру, жазу, сөйлемді көзбен қадағалап орындау<br/> Қаламды еркін ұстап, сызықтарды үзбей жазуға үйрету<br/> <b>Әдісі:</b> көшіру, жаттығу, үлгімен жазу<br/> <b>Тапсырмасы:</b> Тақтадағы сөйлемдерді дәптерге көшіру<br/> «Кім таза әрі ұқыпты жазады?» байқауы</p> | <p>Тақырыбы: «Білгенімізді қайталаймыз»<br/> <b>Міндеті:</b> Сөйлем мен жазу дағдыларын бекіту<br/> Өзіндік жұмыс арқылы білімін тексеру<br/> <b>Әдісі:</b> қайталау, ойын, тест элементтері<br/> <b>Тапсырмасы:</b> Қысқа мәтіннен сөйлемдерді бөліп жазу<br/> Қимыл жаттығулары арқылы қолды босату</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b><br/> <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> Жалпы дене</p> |  |  |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |  |  |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
|  | <p>арналған ойын.</p> <p><b>Спорттық жаттығу:</b><br/>Шанамен жарысу, мәреге дейін жету.</p> <p><b>Салауатты өмір салты:</b><br/>«Денсаулық менің байлығым» — қорытынды әңгіме.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/>Тақырыбы: «Қазақ үйі – ұлттық мұра»</p> <p><b>Міндеті:</b><br/>Киіз үйдің құрылысын, маңызын таныстыру.</p> <p><b>Әдісі:</b> сурет көрсету, макетпен жұмыс, әңгімелеу.</p> <p><b>Тапсырмасы:</b><br/>Киіз үй бөліктерін атау.<br/>Қағаздан киіз үй құрастыру.</p> | <p><b>Дене тәрбиесі</b><br/><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b><br/>Қол мен аяқ қозғалысын үйлестіру, секіру мен жүгіруді кезектестіру.</p> <p><b>Негізгі қимыл:</b><br/>Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу, доппен кедергілер арасынан жүру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Күн шықты – күн батты» — ырғағымен қозғалыс.</p> <p><b>Спорттық жаттығу:</b><br/>Шаңғы немесе мұзда сырғанау жаттығулары.</p> | <p>сергіту жаттығулары, аяқты айқастырып отыру-тұру.</p> <p><b>Негізгі қимыл:</b><br/>Барлық меңгерілген қозғалыстарды кешенді қайталау.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Қысқы эстафета» — топтық жарыс, секіру, еңбектеу, жүгіру элементтерімен.</p> <p><b>Шынықтыру элементі:</b><br/>Тыныс алу, жеңіл уқалау, белсенді демалыс.</p> |  |  |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|



|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |  |
|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
|  |  | <p><b>Мүсіндеу</b><br/> <b>Жапсыру</b><br/> <b>Сурет салу</b><br/> <b>Құрастыру</b></p> <p>Тақырыбы:<br/> «Менің арным»</p> <p><b>Сурет салу:</b><br/> Еркін тақырыпта сурет салу, түстер үйлесімін өз бетінше таңдау.</p> <p><b>Тапсырмасы:</b> «Менің арным» атты шығармашылық сурет.</p> <p><b>Мүсіндеу:</b><br/> Қиялдағы бейнелер мен заттарды мүсіндеу.</p> <p><b>Тапсырмасы:</b> «Қиялдағы кейіпкер» немесе «Болашақ қаласы» мүсіні.</p> <p><b>Жапсыру:</b></p> | <p><b>Тіл дамыту</b></p> <p>Тақырыбы:<br/> «Бақылаудан әңгіме құрау»</p> <p><b>Міндеті:</b><br/> Бақылау нәтижесінде өз ойын жеткізу</p> <p>Байланысты, жүйелі сөйлеуді жетілдіру</p> <p><b>Әдісі:</b> бақылау, талдау, әңгімелеу</p> <p><b>Тапсырмасы:</b><br/> Серуеннен кейін табиғат туралы әңгіме құра<br/> «Бүгін мен не көрдім?»<br/> монологы</p> |  |  |
|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                   |  |  |  |
|--------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | <p>Қиял мен арман тақырыбында жапсыру композициясын орындау.</p> <p><b>Тапсырмасы:</b> «Арман елі» сюжеттік жапсыру.</p> <p><b>Құрастыру:</b> Қалдық немесе табиғи материалдардан бұйым жасау.</p> <p><b>Тапсырмасы:</b> «Арман үйі» немесе «Кеме» құрастыру.</p> |  |  |  |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b></p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p> |                                                                                                                                                                                                                                                                   |  |  |  |
| <b>Серуен</b>            | <b>Желтоқсан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                   |  |  |  |
| <b>Серуеннен оралу</b>   | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                   |  |  |  |

|                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|---------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                   | киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ( <b>дербес қимыл әрекеті</b> ).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Түскі ас</b>                                   | <p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»</p> <p>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> <p>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.</p> <p>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.</p> <p>Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.</p> <p>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p> |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                              | <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (<b>Музыка</b>)</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b> | <p><b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). <b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| <b>Бесін ас</b>                                   | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |

|                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                               |  |  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
|                                                                                                                                                        | <p>жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> |                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                               |  |  |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | <p><b>Математика негіздері</b><br/>Қар түйіршіктерімен ойындар.<br/>Жиынның бөліктерін санау.<br/>Нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету.<br/>жеке карточкалармен жұмыс.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | <p><b>Сауат ашу негіздері</b><br/>Карточкалармен жұмыс. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, Өртүрлі бағыттағы қысқа, ұзын, сызықтарды жазуға мүмкіндік беру.</p> | <p><b>Қазақ тілі</b><br/>Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Мағанасын қуыршақтармен ойын арқылы түсіндіру</p> |  |  |
| Балалармен жеке жұмыс                                                                                                                                  | <p>Ахмадқа допты екі қолмен қағып алуға талпындыру</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | <p>Рөлдерде ойнағанда, мінез-құлқын жеткізуге үйрету</p>                                                                                                                            | <p>Али, Алинурға сапта жүруге, аттап жүруге талпындыру</p>                                                                                                                                    |  |  |
| Серуенге дайындық                                                                                                                                      | <p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br/>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар</p>                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                               |  |  |

|                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                        |  |  |
|-------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
|                               | ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>                                                                                          |                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                        |  |  |
| <b>Серуен</b>                 | «Қарлы соқпақпен жүру»<br><b>Міндеті:</b> Төзімділікпен ептілік.<br><b>Шарты:</b> Кедергілер арасынан сүрінбей жүру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | «Қар үстіндегі би»<br><b>Міндеті:</b> Эстетикалық талғам мен ырғақ сезімін дамыту.<br><b>Шарты:</b> Музыкамен қар үшқынын бейнелеп би билеу. | «Жаңа жыл келді!»<br><b>Міндеті:</b> Ұжымдық көңіл-күй мен мерекелік шаттық қалыптастыру.<br><b>Шарты:</b> Балалар шырша айналасында ән айтып, қимыл арқылы мерекелік көңіл білдіреді. |  |  |
| <b>Серуеннен оралу</b>        | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                        |  |  |
| <b>Балалардың үйге қайтуы</b> | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) <b>Өнегелі 15 минут</b> |                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                        |  |  |